

Бекітемін

«Ерке-Сұлу»б/б ЖШС

менгерушісі

Каржаулова Г.С



**2023-2024 оқу жылының жазғы кезеңіне арналған
сауықтыру іс-шараларының жоспары**

Атакент кенті

Мақсаты:

- тәрбиеленушілердің психофизикалық денсаулығын қорғау және нығайту;
- табиғи факторларды пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын шынықтыру;
- балалардың демалысын, эмоционалдық саулығына қажетті жағдайды ұйымдастыру;
- қоршаған ортаға танымдық қызығушылығын дамыту.

Міндеттер:

1. Ауа, күн мен судың пайдалы қасиеттерін кеңінен пайдалану арқылы балаларды сауықтыру. Тамақтану барысын жемістер, шырындар, көгөністермен байыту.
2. Қозғалыс режимін оңтайлы құру арқылы қимыл белсенділігін арттыру.
3. Балалардың физикалық саулығын, қимыл мотивациясын, өзіне, өз денесіне, денсаулығына қызығушылығын қалыптастыру. Қауіпсіз өмір сүру дағдылары туралы білімін бекіту арқылы балалар жарақатының алдын алу.
4. Демалыстың кең спектрін ұйымдастыру, тәрбиеленушілердің эмоционалды-психологиялық жайлылығын қамтамасыз ету.
5. Балалардың жақын арадағы даму аймағын есепке алып, білім мен білікті бекіту бойынша жеке педагогикалық жұмысты ұйымдастыру; сөйлеу тілін түзету; қоршаған орта, жазғы табиғи құбылыстар туралы білімдерін байыту.
6. Жазғы кезеңде отбасы мүшелерін балабақшамен бірлесе қызмет етуге тарту.
7. Оқу жылының басталуына дайындық жұмыстарын жүргізу.

№	Жұмыстың мазмұны	Күні	Жауаптылар
I. Ұйымдастыру-басқару қызметі			
1	Балабақша қызметкерлеріне нұсқаулықтар жүргізу: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды ұйымдастыру жөніндегі Инструктаж; - еңбекті қорғау және жұмыс орнында қауіпсіздік техникасының талаптарын орындау.	Мамыр-маусым	Менгеруші Каржаулова Г.С
2	Тәрбиеленушілерге нұсқаулықтар жүргізу: - жол-көлік жарақатының алдын алу; - жол-көлік оқиғаларының алдын алу.	Мамыр-маусым	Әдіскер Орынбек С.А Топ тәрбиешілері
3	Балабақшаны жазғы жұмыс режиміне ауыстыру: - ұйымдастырылатын іс-әрекеттерді таза ауада өткізу, ғимараттын сыртында; - түскі ас беруді 15 мин. ерте бастауға көшу; - күндізгі ұйқы уақытын ұзарту.	1 маусымнан бастап	Әдіскер Орынбек С.А
4	Балабақшаның серуен учаскелерін жаз кезеңіне дайындау. Балабақшалардың серуен учаскесіндегі спорт алаңының құрал-жабдығын, кіші сәулет нысандарын көру және тексеру.	Маусым	Менгеруші Каржаулова Г.С Шаруашылық бөлімінің менгерушісі Адилханова А.А
II. Жазғы сауықтыру кезеңінде қауіпсіздік сақтау іс-шаралары			
1	Қауіпсіздік техникасы, ауыз су режимі, жарақаттанушылық, уланудың, күн сокқысының алдын алу бойынша нұсқау беру.	Үнемі	Медбике

2	Көгеністерді, жемістерді қолдану арқылы ұтымды тамақтануды қамтамасыз ету.	Үнемі	Медбике
3	Тамақтануда шырындарды қолдану.	Үнемі	Медбике
4	Тез бұзылатын азық-түліктерді сақтау мерзімін және тамақ дайындау сапасын бақылауды қамтамасыз ету.	Үнемі	Медбике
5	Балалардың киімдерінің ауа-райы жағдайына сәйкестігін бақылауды қамтамасыз ету.	Үнемі	Медбике
6	Жазғы уақытта балалардың гигиеналық күтімін қамтамасыз ету.	Үнемі	Медбике
7	Уытты инфекциялардың алдын алу: - ас әзірлейтін бөлік жұмысын бақылау; - қызметкерлер және ата-аналармен бірге санитарлық-ағарту жұмыстарын өткізу.	Үнемі	Медбике
8	Жарақаттанудың алдын алу: - учаскелердің серуендеуге жарамдылығын бақылау; - ойын материалының қолданылуын және жағдайын бақылау.	Үнемі	Медбике
9	Ішек инфекцияларының алдын алу: - жеке гигиенаны сақтау; - қайнатылған суды қолдану; - ас әзірлейтін бөліктің жұмысын бақылау.	Үнемі	Медбике

10	Шынықтыру іс-шаралары: - учаскіде балаларды қабылдау; - учаскідегі таңғы гимнастика; - таза ауадағы дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті; - мерекелік іс-шаралар және спорттық ойын-сауықтар; - ауа ванналары; - құмның үстімен жалаң аяқ жүру; - желкөздерді ашық қалдырып ұйықтау; - су процедуралары.	Үнемі	Медбике
11	Жазғы сауықтыру кезеңінде тамақтануды талдау.	Үнемі	Медбике
III. Балаларды тәрбиелеу-ұйымдастыру іс-әрекеті			
1	Ойын түріндегі міндетті ұйымдастырылған іс-әрекет (музыка, дене шынықтыру, көркемдік шығармашылық таным)	Кестеге сәйкес	Әдіскер Орынбек С.А
2	Жазғы кезеңде тәрбиелеу-ұйымдастыру жұмысын жоспарлау	Жаз кезеңі ішінде	Топтардың тәрбиешілері
IV. Ойын-сауық, қуыршақ спектакльдерін, әңгімелесулер, экскурсиялар ұйымдастыру және өткізу			
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына сәйкес ойын іс-әрекеті.	Маусым-тамыз	Әдіскер Орынбек С.А
2	Балалармен тұрмыстық және жол жарақаттарының алдын алу бойынша жұмыс (әңгімелер, ойын-сауық, ЖЖЕ танысу ойындары, экскурсиялар)	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері

3	Балалармен балабақша аумағында, қалалық саябақта, өлкетану мұражайында, қалалық ескерткіштерде экскурсиялар мен мақсатты серуендер өткізу	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
4	Балаларға экологиялық тәрбие беру (әңгімелер, серуендер, экскурсиялар, бақылаулар, тірі және жансыз табиғатпен тәжірибелер жасау)	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
5	Балаларды еңбекке тәрбиелеу (асханадағы кезекшілік, бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, учаскедегі, гүл бақшасындағы еңбек, табиғи материал жинау)	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері

V. Балаларды сауықтыру жұмыстарын жүргізу

1	Балалардың таза ауада ұзақ жүруі (таңертеңгі қабылдау, гимнастика, дене шынықтыру ҰІӨ, серуендеу, ойын-сауық)	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
2	Күн ішінде шынықтырудың әртүрлі тәсілдерін пайдалану (ауа және күн ванналары, бассейн, жалаңаяқ жүру және т.б.).	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері Медбике
3	Мәзірге жаңа піскен көгөністер, жемістер, балғын шырындарды қосу; қара бидай мен бидай наны, сүт өнімдері.	Маусым-тамыз	Медбике
4	Балалардың таза ауада қимыл белсенділігін арттыру үшін жағдай жасау (спорттық ойындар мен жаттығулар, жарыстар және басқалар)	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
5	Жаздың басында және аяғында тәрбиеленушілердің антропометриясын жүргізу.	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері

6	Дене жаттығулары: Таңғы гимнастика. Дене шынықтыру-сауықтыру іс-әрекеті, жаттығулар, ойын-сауық, ойындар. Қимылды және дидактикалық ойындар. Профилактикалық гимнастика (дене сымбатын жақсарту, жалпақ табанның алдын алу, көруді жақсарту және т. б.) Спорттық ойындар. Дене шынықтыру минуттары және динамикалық үзілістер.	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
7	Гигиеналық және су процедуралары: Жуыну. Қолды шынтақпен қоса жуу. Су және құммен ойындар.	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
8	Үй-жайларды желдету (өтпелі). Фрамугаларды ашып қойып ұйықтау. Күніне 2 рет таза ауада серуендеу.	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
9	Белсенді демалыс. Ойын-сауық және мерекелер. Ойындар мен ермектер. Денсаулық күндері. Балабақша аумағында және одан тыс жерде серуендеу.	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
VI. Профилактикалық жұмыс			
1	Санитарлық бюллетеньдерді ресімдеу: «Ішек инфекциясы», «Көз жарақаттарының алдын алу», «Көгөністер, жемістер, дәрумендер».	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
2	Балалармен тақырыптық әңгімелер: «Кір қолдың аурулары», «Күннің зиянды әсерінен қалай қорғануға болады?», «Не істеуге болады? Не істеуге болмайды?», «Біздің досымыз - бағдаршам», «Денің сау болу үшін шынығу керек».	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері

VII. Әдіскерлік жұмыс

1	Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын жазу және педагогикалық кеңесте талқылау.	Мамыр	Әдіскер Орынбек С.А
2	Жаңа оқу жылына арналған топтарды қарау.	Тамыз	Әдіскер Орынбек С.А
3	Жаңа 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспар әзірлеу.	Шілде-тамыз	Әдіскерлер Орынбек С.А
4	Табиғат аясында қимылдарды, құмды ойындарды, бақылаулар мен еңбекті дамыту үшін ойын материалы мен жабдықтарын дайындау.	Маусым	Топтардың тәрбиешілері
5	ҚР МДТОМЖМС талаптарына сәйкес топтардың заттық-дамытушы ортасының мазмұнын жаңарту.	Маусым-шілде	Топтардың тәрбиешілері
6	Санитарлық-ағарту қызметі аясында тәрбиеленушілердің ата-аналары үшін көрнекі материал дайындау: дәрігер, тәрбиешінің кеңестері.	Тамыз	Топтардың тәрбиешілері, медбикелер.
7	Тәрбиешілерге арналған кеңестер: «Жазғы кезеңде балалармен жұмысты жоспарлау», «Жазғы кезеңде әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру», «Балаларға көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйретеміз».	Маусым Шілде Тамыз	Әдіскер Орынбек С.А Әдіскер Орынбек С.А Әдіскер Орынбек С.А
8	Бақылау және басқару: 1) табиғат бұрышында балалармен жұмыс істеу жүйесі. 2) ойын әрекетін жоспарлау.	Маусым	Әдіскер Орынбек С.А Әдіскер

1. Қиял мен шығармашылықты дамыту үшін табиғи материалды қолдану. 2. Таза ауада гимнастика жасау кезінде ойын элементтері мен атрибуттарын пайдалану.	Шілде	Әдіскер Орынбек С.А Әдіскер Орынбек С.А
1. Бос уақытты және ойын-сауықты жоспарлау. 2. Жаңадан келген тәрбиеленушілердің МДҰ адаптациядан өтуін ұйымдастыру.	Тамыз	Әдіскер Орынбек С.А

9	Нұсқаушылық педагогикалық кеңесі. Тақырыбы: «Тәрбиелеу-ұйымдастыру процесін ұйымдастыру және жаңа 2023-2024 оқу жылында балалармен жұмыс істеу үшін жағдай жасау». - 2023 жылғы жазғы сауықтыру кезеңіндегі кешенді жұмыс жоспарының орындалуын талдау. Бекіту: - 2023 - 2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары. - ҰІӨ кестесін. - Кезекші топтардағы балалардың тізімі. - Күн тәртібі. - Балабақша жұмысында қолданылатын бағдарлама. - Педагогикалық кеңес туралы ереже. - Әдістемелік кеңес туралы ереже. - Мониторинг туралы ереже. - Өртүрлі жастағы топ туралы ереже. - Педагогикалық этика туралы ереже. - Базистік оқу жоспарының түсіндірме хаты. - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде жұмыс жоспары. - Балабақшадағы лаңкестікке қарсы қауіпсіздік жөніндегі жұмыс жоспары. - Педагогикалық қызметкерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігін растау мақсатында оларды аттестаттаудан өткізу үшін аттестаттау комиссиясын қалыптастыру туралы.	Тамыз	Әдіскер Орынбек С.А
10	Жас мамандармен жұмыс:		

	Консультация: «Учаскеде заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру». Шағын лекция: «Серуендеуді ұйымдастыру және өткізу». Консультация: «Бейімделу кезеңінде ата-аналармен жұмыс».	Маусым Шілде Тамыз	Әдіскер Орынбек С.А Әдіскер Орынбек С.А Әдіскер Орынбек С.А
VIII. Ойын-сауық			
1	Челлендж. «Балаларды қорғау күні» (бейнебаян) Ойын-сауық. «1 маусым - Балаларды қорғау күні».	1 маусым	Музыкалық жетекші Топтардың тәрбиешілері
2	«Әлем балалардың көзімен» асфальттағы суреттер байқауы.		
3	Дене шынықтыру мерекесі: «Біз көңілді балалармыз».	Маусым	Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.
4	Викторина. «Күн, ауа және су».	Маусым	. Орта жас топтарының тәрбиешілері.
5	Ойын-сауық: «Жол бойында жүрген қонжық».	Маусым	. Кіші жас топтарының тәрбиешілері.
6	Ойын-сауық: «Жолда абай бол!!!»	Маусым	. Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.

7	Спорттық ойындар: «Жазғы ойын-сауық».	Шілде	Кіші жас топтарының тәрбиешілері.
8	Спорттық эстафета: «Батыл, шапшаң, жылдам, шебер».	Шілде	Орта жас топтарының тәрбиешілері.
9	«Нептун күні» театрландырылған мереке көрінісі.	Шілде	Музыкалық жетекші. Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.
10	Бос уақыт: «Көңілді стадион».	Шілде	Мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.
11	Ойын-сауық: «Астана – ҚР елордасы».	Шілде	Музыкалық жетекші. Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.
12	Ойын-сауық: «Жұмбақ толы сандық».	Тамыз	Кіші жас топтарының тәрбиешілері.
13	КТК «Ертегіге қонаққа барамыз».	Тамыз	Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.
14	Ойын-сауық: «Игі істер бағытымен саяхатқа шығу».	Тамыз	Музыкалық жетекші. Орта жас топтарының тәрбиешілері.

15	Ойын-сауық: «Қауіпсіздік әліппесі».	Тамыз	Музыкалық жетекші. Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.
16	Үстел театры. «Шалқан».	Тамыз	Кіші жас топтарының тәрбиешілері.
17	Музыкалық ойын-сауық: «Ән саламыз, би билейміз, көңілді өмір сүреміз!»	Тамыз	Музыкалық жетекші. Орта жас топтарының тәрбиешілері.
18	Ойын-сауық: «Жаз, қош бол!»	Тамыз	Музыкалық жетекші. Ересек, мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілері.

IX. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмыс

1	Дәлізде ата-аналарға арналған бұрыштарды безендіру (күн тәртібі, ҮІӘ, жазғы кезеңде отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар)	Маусым	Әдіскер Орынбек С.А Топтардың тәрбиешілері
2	«Ата-аналарға арналған денсаулық бұрышын» безендіру.		
	Күн өтудің алдын алу. Ішек инфекцияларының алдын алу. Шынықтыру процедураларын ұйымдастыру.	Маусым	Медбике
3	Ата-аналарға арналған кеңестер.		

	«Балаларды балабақшаға бейімдеу». «Балалардың жазғы демалысы туралы».	Маусым	Топтардың тәрбиешілері
	«Баланы ара шағып алса». «Балалардың жазғы бос уақыты».	Шілде	Топтардың тәрбиешілері
	«Бала саяжайда». «Балаларды шынықтыру».	Тамыз	Топтардың тәрбиешілері
4	Жазғы сауықтыру жұмыстарында отбасы мүшелерінен болатын көмектің мазмұны:		
	Жазғы іс-шараларға ата-аналардың қатысуы	Маусым-тамыз	Топтардың тәрбиешілері
Х. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс			
1	Жоспар бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу және жылу жүйесін сынақтан өткізу.	Мамыр	Шаруашылық меңгерушісі Адилханова А.А
	Құм әкелу.	Мамыр	Шаруашылық меңгерушісі Адилханова А.А
	Балабақшаның ойын және спорт алаңдарындағы құрал-жабдықтарды бояу.	Маусым	Шаруашылық меңгерушісі Адилханова А.А
	Жоспар бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу және жылу жүйесін сынақтан өткізу.	Маусым	Шаруашылық меңгерушісі Адилханова А.А

Бекітемін: 
«Ерке-Сұлу»б/б ЖШС
меңгерушісі: Каржаулова Г.С
31.05.2023ж

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі күн тәртібінің үлгісі

Режимдік сәттер, іс-әрекет	Балалармен жұмыс құралдары мен түрлері
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б.
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау.
Гигиеналық шаралар	Салқын сумен жуыну. Сүртіну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу.
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	Балалардың білім, білік және дағдыларын еркін іс-әрекетте көрсетуі үшін заттық-кеңістіктік ортаны дайындау. Балалардың өз бастамасы бойынша ұйымдастырылған ойындарға еркіндік беру. Қажеттілігіне қарай жеке жұмыс түрін ұйымдастыру. Проблемалық жағдаяттарды шешу. Балалардың қызығушылықтары бойынша дамыту жұмыстарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы қамту.

Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаздар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Күндізгі серуен	1) Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету, сенсорлық бақшадағы тәжірибелер. Балалардың шынайы өмірді көркем-эстетикалық қабылдауын қалыптастыру. Аумақтық кеңістікте немесе оның сыртында табиғатты тамашалау. Сенсорлық бақшада тірі және өлі табиғат нысандарын, табиғат құбылыстарын бақылау. Балалардың дербес шығармашылық әрекетіне мүмкіндік беру. 2) Еңбекке баулу үшін балабақша ауласында баланың қызығушылығын оятатын кеңістік құру. Балаға ересектердің еңбек етуін бақылату және оларға көмектесуге, бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату. 3) Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушының жоспары бойынша жүргізілетін шаралар немесе бірлескен жұмыстар.
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесуге баулу.
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.

Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану.
Күндізгі ұйқы	Баланың психофизикалық әлеуетін қалпына келтіру. Желдету. Тыныштық режимін сақтау.
Ұйқыдан тұру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату (шынықтыру жаттығулары, тренажерлық жүгіру жолдарын пайдалану, музыкалық жаттығулар, қимыл-қозғалысқа құрылған санамақ және басқа).
Бесін асқа дайындық. Бесін ас.	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру.
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Балалардың қызығушылықтарын мақсатты ойын арқылы, танымдық-зерттеушілік жұмыс, музыкалық-көркем образ, қимыл-қозғалыс, коммуникативтік байланыс, оқыту, еңбекке баулу арқылы дамыту (оның ішінде өңірлік ерекшелікті ескерумен). Балалардың ойы мен идеяларын ескеру арқылы олардың қабілеттерін ашуға мүмкіндік беру.
Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
Серуендеу	Балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру (қимылды дидактикалық ойындар, ережелері бар қимылды ойындар, ойын жаттығулары, жарыстар, ұлттық ойындар және басқа). Балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту. Мақсатты серуендер, танымдық әңгімелер, бақылаулар, табиғатты бақылау тәсілдерін көрсету. Еркін ойындар, балалардың ойын, идеясын жүзеге асыру. Серуенге алып шыққан заттарымен ойнату.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу.
Ескерту: суға шомылу, күнге қыздырыну және басқа емшара процедуралары күн тәртібіне медбикемен келісіліп қойылады.	